IQAA

БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ
БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA

# ОТЧЕТ
# ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ
# ЖЕТЫСУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА

**ОҚУ ОРНЫН СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША**
**ЕСЕБІ**
(І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті)

**«6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы» бойынша**

**АККРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Нұр-Сұлтан, 2022**

# ***ЭКСПЕРТНАЯ ГРУППА***



**Ильясова Нағима Әбзелбекқызы**
**Руководитель группы**
доктор филологических наук, доцент, кафедры казахского языка и литературы им. С. Кирабаева, КазНПУ имени Абая



**Логинов Александр Викторович**
**Международный академический эксперт**
доктор филологических наук, профессор кафедры Русского языка Московского педагогического государственного университета



**Калиев Бектурсын Аманкулович**
**Национальный академический эксперт**
кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, КарУ им. Е.А.Букетова



**Бейсенова Жайнагуль Сабитовна**
**Национальный академический эксперт**
доктор филологических наук, профессор кафедры Русского языка, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева



**Розакова Инкар Мадияровна**
**эксперт, представитель работодателей**
зам. директора по учебно-методической работе, Средняя школа лицей №5 имени М. Ломоносова, г. Талдыкорган



**Жапарова Аида Бубархановна**
**эксперт, представитель студенчества**
доктарант 2 курса, по специальности «Қазақ тілі мен әдебиеті», КазНПУ имени Абая

## КООРДИНАТОР IQAA

**Агибаева Сауле Жоламановна**
старший координатор отдела аккредитации вузов и НИИ



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

# ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСІНІҢ НАҚТЫ ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙ

| Стандарт | Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Маңызды сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкессіздік |
| *Стандарт 1* Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық | + | | | |
| *Стандарт 2* Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару | | + | | |
| *Стандарт 3* Студентке бағдарланған оқыту, білім беру және бағалау | + | | | |
| *Стандарт 4* Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау | | + | | |
| *Стандарт 5* Профессор-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6* Оқу ресурсы және студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт 7* Жұртшылықты ақпараттандыру | + | | | |



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

## *МАЗМҰНЫ*

**1 ТАРАУ**
**САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ** 5
Кіріспе ……………………………………………………………………….
***Университеттің негізгі сипаттамасы*** …………………………………… 6

**2 ТАРАУ**
**САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**
Кіріспе …………………………………………………………………… 8

Бағдарламалық аккредиттеу стандартына сәйкестігі
*Стандарт 1*
Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық …… 9
*Стандарт 2*
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару ……. 12
*Стандарт 3*
Студентке бағдарланған оқыту, оқыту және бағалау ……...................……… 17
*Стандарт 4*
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау .......................… 20
Стандарт 5
Профессор-оқытушылар құрамы ..................................…………………….23
*Стандарт 6*
Оқу ресурсы және студенттерді қолдау …………....……………………..……. 26
*Стандарт 7*
Жұртшылықты ақпараттандыру ……........……………………………………..30

**3 ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ** …………………………………………………………………32

**ҚОСЫМША**
*Қосымша 1*
Сыртқы сапардың бағдарламасы …………………………………………….35
*Қосымша 2*
Сұхбатқа барлық қатысушының тізімі ……………………………………….38
*Қосымша 3*
ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі …………............................................ 44



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

# 1 ТАРАУ
# САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ/ КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА

**Кіріспе(Введение)**

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 6В02302 - «Филология» білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі және сыртқы аудит бойынша білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу аясында Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі сыртқы сарапшыларының келіп қарауы 2022 жылдың 03-04 мамыр аралығында өтті.

Сыртқы аудит Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі дайындаған бағдарлама негізінде жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материал (іссапар бағдарламасы, ББ бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі, сыртқы аудит бойынша білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізуді ұйымдастыру нұсқауы) сараптау тобының мүшелеріне оқу орнына барғанға дейін беріліп, сыртқы аудит жүргізуге өз уақытында дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшысымен кездесу сараптау тобының мүшелеріне ЖОО-ның жетістігі мен оның болашақтағы дамуымен кеңірек танысуына мүмкіндік берді. Бағдарламаға сай сапар ауқымында жоспарланған іс-шара университеттің құрылымы, оның материалдық-техникалық базасымен, түлектерді дайындаушы кафедраның профессор-оқытушылар құрамымен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушімен егжей-тегжейлі танысуға ықпал жасады және сыртқы сарапшыларға ұсынылған есептің білім беру бағдарламасының нақты жай-күйіне, олардың арнайы аккредитация стандартына сәйкестігі жөнінде тәуелсіз баға беруге мүмкіндік береді.

Университеттің 6В02302 - «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау мақсатында ұсынылған есебінде осы мамандықтың мамандарын барша бағыт ауқымында даярлаудың, оның күшті және әлсіз тараптарын айқындаудың, қауіп-қатер мен болашақта одан әрі даму үдерісін анықтаудың үлкен ақпараттық көлемі мазмұндалған.

ЖОО-ның материалдық базасы туралы, оқу-әдістемелік және ғылыми үдерісті ұйымдастыру, сұхбат өткізу үшін мақсатты топпен жүздесу ұйымдастыру барысында көзбен көріп, танысу үдерісі жүзеге асты.

Сарапшылар құрылымында 6В02302 - «Филология» білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедра, жоғары мектеп, басқа да құрылымдық бөлім мен инновациялық зерттеу орталығы, кітапханасы бар «Жетісу» университетімен көзбе-көз танысты.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында 6В02302 - «Филология» БББ дайындайтын кафедраның және сол мамандықты дайындауға септігін тигізетін құрылымдық бөлімнің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалды-техникалық жағынан дайындығын қамтамасыз ететін құжатына сараптама жасалды. Аккредиттеліп жатқан мамандықтың білім беру бағдарламасымен егжей-тегжейлі танысу үшін кәсіби пәндер бойынша



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

сабақтарға қатысып, пәндердің оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Өзін-өзі бағалау есебі 59 бет мәтіндік материалдан және 152 бет қосымша материалдан тұрады. Есепте негізгі мәселе қамтылған, құрылысы дұрыс берілген. Берілген материалда жалпы және жекелей сараптама қамтылған.

Сыртқы аудит бойынша университет корпустары, жүзу бассейні, кітапхана қоры, жатақхана т.б. құрылымдық ғимарат қаралып, БББ талабына сәйкестігі көрінді.

Сондай-ақ 6В02302 - «Филология» БББ құжат қаралып, сараптама жасалды.

## *Университеттің негізгі сипаттамасы*
## *(Основные характеристики вуза)*

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 1972 жылы ашылған. 50 жылдық тарихы бар классикалық университет. Лицензия № KZ36LAA00018662. Университет ректоры – Баймырзаев Қуат Маратұлы, география ғылымдарының докторы, профессор.

Университетте бакалавриат бойынша – 53, магистратура бойынша – 54, докторантура бойынша – 10 бағдарлама жүзеге асырылған. Мамандар дайындауда үздіксіз білім беру жүйесі жолға қойылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, дене тәрбиесі және спорт, бастауыш білім педагогикасы мен әдістемесі, орта мектептерде тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі, құқықтану, туризм, ақпараттық желі және техникалық есептеу, сақтандыру ісі және банк, программалау, аударма ісі, графикалық және мультимедиалық дизайн, интерьер дизайны бағыты бойынша колледжден бастап мамандар даярлайды. Университетте 6 жоғары мектеп бар: жаратылыстану жоғары мектебі, техникалық ғылымдар жоғары мектебі, құқық және экономика жоғары мектебі, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі. Педагогика және психология жоғары мектебі, денешынықтыру және өнер жоғары мектебі.

22 ғылым докторы, 20 PhD доктор, 102 ғылым кандидаты, 323 оқытушы, 5216 білімалушыны маман ретінде дайындайды. Университеттің материалдық-техникалық базасына 36 оқу зертханасы, 34 компьютерлік класс және атулы кабинеттер кіреді. Шетелдік серіктестікте 60, мемлекеттік грантта 1300-ден аса білімалушы бар. Бітірушы түлектер 1998. Кітапхана қоры 551 739.

Университеттің ғылыми-зерттеу бағыты Стартап жобаны жүзеге асыратын академияның жұмысынан бастап, арнайы зерттеу орталықтары, оқу зертханалары, биотехнологиялық зерттеу жүргізетін ғылыми-зерттеу институттарының жұмысынан көрінеді. Жас ғалымдар Кеңесі, ғылым және коммерциялизациялау бөлімі, Ілиястану ғылыми-зерттеу орталығы, диссертациялық кеңес бар.


Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

Местонахождение юридического лица:
Талдықорған қаласы, индекс 040009,
Жансүгіров көшесі 187-А
Тел.: 8 (7282) 40-10-22
www.zhetysu.edu.kz





Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

## 2 ТАРАУ

## І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 6В02302 - «ФИЛОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

### КІРІСПЕ / ВВЕДЕНИЕ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, филологтарды дайындау білім беру бағдарламалары (әрі қарай – ФД БББ) 6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби маман дайындау ісін 2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың «2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысы), «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы), 2020 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген В017 – Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтарын даярлау бағыты бойынша № KZ36LAA00018662 лицензияға қосымшасы негізінде, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Бұйрық №604. ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазан) сәйкес жүзеге асырылып келеді.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасы және Қазақстан Республикасының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принципіне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындау болып табылады.

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ нормативтік талабына сәйкес білім беру бағдарламалары Реестріне оқыту нәтижесіне қолжетімділік көрсеткіші – 97,8 баллмен енгізілді.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетімен 6В02303 – «Филология: қазақ тілі мен әдебиеті» қосдипломды білім беру бағдарламасы дайындалып, Реестрге сараптама қорытындысы бойынша 80,39% баллмен енгізілді. 2022-2023 оқу жылына БББ бойынша мемлекеттік грантқа тапсырыс беру жоспарлануда.

*Студенттер контингенті:* Күндізгі бөлімде – 36 студент. 6В02302 – «Филология» БББ бойынша 1 студент ҚОТ бойынша оқуын бітірді (2021).



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

## *БАҒДАРЛАМАЛЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ / СООТВЕТСТВИЕ СТАНДАРТАМ ПРОГРАММНОЙ АККРЕДИТАЦИИ*

### *СТАНДАРТ 1. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ / ПОЛИТИКА В ОБЛАСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВА И АКАДЕМИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ*

***Дәлелдеу және талдау:***

6В02302 - «Филология» БББ университеттің 2021-2025 жылдарға арналған, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бөлігі болып табылатын, миссияға сәйкес әзірленген сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын негізге алады.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың мақсаты – білім беру, ғылыми және басқарушылық қызметтің тиімділігін арттыру, сондай-ақ кәсіпорындар, бизнес-құрылым мен қоғамдық ұйымды тарту арқылы білім, ғылым және инновацияны кіріктіру. Бұл саясатты енгізуге, іске асыруға ішкі және сыртқы мүдделі тұлғалар тиісті құрылым мен үдеріс арқылы қатыса алатыны құжат арқылы да, сұхбат барысында да айқындалды.

6В02302 - «Филология» білім беру бағдарламасының жалпы міндеттері: бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың көпдеңгейлі жүйесін ары қарай дамыту және жоғары сатыға көтеру; ПОҚ-ның кәсіби біліктілігін, олардың жаңа технологияны меңгеру деңгейіне үйлесімді шартты арттыру; студенттердің әлемдік ақпараттық қорды кеңінен қолдана алу мүмкіндігін дамыту; оқу үдерісін әдістемелік-инновациялық тұрғыдан қамтамасыз ету; студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелі болуын дамыту; мамандарды еңбек шартының талаптарына сай, мақсатты дайындау арқылы еңбекпен қамтамасыз ету; элективті пәндерді оқу жоспарына енгізу арқылы білім беру бағдарламасының сапасын арттыру.

Аталған бағдарлама аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмасын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында заманауи зерттеу жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін мамандандырылған мамандар даярлау жоспарланған.

***Айғақтар:***

Кафедраның даму стратегиясы, мақсат-міндеті, қызметі мәселесі көрсетілген мамандық шығарушы кафедраның 2020-2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бар.

Білім беру бағдарламасы мақсатын бағалау және таңдау пәндерін толықтыру үшін ПОҚ, қызметкерлер мен студенттер, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнама жүргізу арқылы  білім беру сапасы жандандырылып отырады.

ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың


Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндетімен жақсы таныс екендігі айқындалды.

Студенттермен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің білім алу траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындығы айқындалды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студент пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады, бұл білім алу траекториясын дұрыс құруға негіз болады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады.

Іс-тәжірибе базаларымен педагогикалық іскерлік жақсы қарым-қатынас орнатылған.

***Ұтымды жақтары:***

Білім беру бағдарламасының мақсаты ашық, айқын, білім беру жүйесінің барлық бағытын қамтиды. Білім беру бағдарламасының мақсаты тұтынушылар талаптарын қанағаттандырады, қоғам, экономика, еңбек нарығы қажеттілігін өтеу міндеттерін қамтиды. Мақсатқа қол жеткізудің тиімді механизмі бар. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдде ескерілген.

Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұранысына сәйкес. Білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті бакалавриаттық білім беру бағдарламасының іске асырылуын толық қамтиды, тиімді, тұрақты болуына бағытталған.

БББ даярлаушы ПОҚ-ның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға толықтай мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылдау тұрақталған. ББ түлектерінің сұранысқа ие болуы және мамандықтың жоғары кадрлық құрамы талапкерлердің келуін қамтамасыз етеді.

Университет оқу үдерісінің барлық қатысушылары мен басқа мүдделі тұлғалар үшін білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі туралы ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді, ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың тығыз әрекеттестігін ұйымдастырады. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат университеттің ресми сайтында жарияланған (https://zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/12/Политика-2021-2025-на-сайт.pdf).

Сонымен қатар персонал саясат жайлы ақпараттық стендтер арқылы, құрылымдық бөлімшелердің отырысында танысады.

Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін университетпен өзара тиімді мақсатқа қол жеткізу аясында мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік механизмдері әзірленген. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жайлы өзекті ақпарат, іске асырылатын білім беру бағдарламалары туралы мәлімет университеттің ресми сайтында https://zhetysu.edu.kz/, университеттің



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

Facebook, Instagram, Telegram, YouTube сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады. Мүдделі тұлғалар үшін «Smart ZhetySU» бірыңғай жүйесіндегі ішкі құжат айналымы, қызметкердің, оқытушының және студенттің жеке кабинетін пайдалану қарастырылған.

Білім беру бағдарламасы жетекшісінің, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ПОҚ және қызметкерлердің сапаны қамтамасыз ету бойынша міндеттері белгіленген тәртіпте бекітілген тиісті ережелер және лауазымдық нұсқаулықтармен реттелген.

Аудит кезінде және сұхбат барысында Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі сапаны қамтамасыз ету қызметін мынадай бағыт бойынша жүзеге асыратыны айқындалды: ғылым мен тәжірибе жетістігі, халықаралық, ұлттық стандарт пен жалпы адамзаттық құндылықты енгізу негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажетті жағдай жасалынғаны; өзекті ғылыми зерттеулер жүргізілетіні; оқытудың инновациялық технологияны енгізу мен одан әрі дамыту үшін жоғары мектептің материалдық-техникалық базасы уақытылы жаңартылатыны; зерттеуге негізделген оқыту түрлері іске асырылатындығы: мүдделі тараптар мен олардың талаптары туралы ақпаратты мерзімді бақылап, талдап отыратынына көзіміз жетті.

Университетте академиялық еркіндік оқытушылар құрамын қалыптастыруда, студенттерді қабылдауда, оқу бағдарламаларын, жоспарын, сапа стандартын жасауда ескеріледі, бұл академиялық саясатты өздігінше анықтауға және мүдделі тараптардың қажеттілігін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік беретіндігі де қарастырылған екен.

Имидждік саясат орталығы университет сайтына ұсынылатын ақпараттың анықтығы, дәлдігі бойынша ақпаратпен құрылымдық бөлімшелер қамтамасыз етсе, әлеуметтік желілерде университеттің ресми парақшаларын жүргізуді медиаорталық басқарады, жарияланатын ақпараттың мазмұнына университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері жауапты болады.

ҚР заңнамасының негізгі ережелерін, ҚР Президентінің Жарлықтарын түсіндіруге және талқылауға, жауапкершілікті және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мәдени – бұқаралық іс-шаралар кешенін іске асыру мақсатында университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылған.

БББ ресурстық қамсызданырылуы талданады (кадрлық қамсыздандырылу, оқу құжаттамасының жағдайы, білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік құжаттамасының жағдайы); БББ контингенті (контингенттің сақталуы, топтардың толымдылығы, студенттердің қанағаттануы және т.б); -БББ өзектілігі (түлектердің жұмысқа орналасуы, БББ еңбек нарығында сұранысқа ие болуы); БББ нәтижелеріне қанағаттану дәрежесін анықтау


Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

мақсатында студенттермен сауалнама жүргізу арқылы  мониторинг жүйелі түрде жүзеге асырылатындығы сұхбат барысында дәлелденді.

Университет мүдделі тараптарды өз қызметі туралы ресми сайт арқылы хабардар етуді қамтамасыз ететін (https://zhetysu.edu.kz/), «Smart Zhetysu» платформасы, университеттің Instagram, Facebook, YouTube, Tik-Tok әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалары бар, сонымен қатар, аймақтық және республикалық БАҚ –ты да пайдаланатындығы да айқындалды.

**Стандарт 1 деңгейіне толық сәйкес келеді / Полное соответствие**

## <u>**СТАНДАРТ 2.**</u> БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ / *РАЗРАБОТКА, УТВЕРЖДЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ И УПРАВЛЕНИЕ ИНФОРМАЦИЕЙ*

***Дәлелдеу және талдау:***

6В02302 - «Филология» білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіне, сондай-ақ 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 152 (ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №563) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне» және кәсіби стандарттың талаптарына сәйкес, университетте БББ әзірлеу және бекіту тәртібі «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы ереже» негізінде әзірленген.

6В02302 - «Филология» БББ  «Білім беру бағдарламасының паспорты», «Білім беру бағдарламасының мазмұны», «Білім беру бағдарламасының қамтамасыз етілуі», «Білім беру бағдарламасының одан әрі даму жоспарын» қамтиды**.**

Құжаттармен танысу барысында БББ-н әзірлеу жөніндегі жобалау тобының құрамы Басқарма төрағасы – ректордың бұйрығымен бекітілетіндігін, оның құрамында оқытушылардан бөлек мүдделі тараптар (студенттер, жұмыс берушілер, сарапшылар) енгізілгені расталды. Мысалы, Алматы облысы Тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Т.С.Рахымберлина, Алматы облысының ішкі саясат басқармасы мемлекеттік мекемесі «Jetisy media» жетекшісі Ж.С. рынбекова, «Филология» білім беру бағдарламасының 2- курс білімгері Е.Мадет. Ректор бұйрығы бойынша (бұйрық №268, 02.10.2020) бекітілген барлық мүдделі тараптың – оқытушылардың, студенттер мен жұмыс берушілердің қатысуымен «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы Ережеге» (ІНҚ-ZU-38-01) сәйкес әзірленген.



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

Сонымен қатар университетте жұмыс берушілер Кеңесі жұмыс жасайды (Хаттама №1, 27.08.2021ж.). Олардың міндетіне ұсыныс енгізу және жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу кіреді. Университет әрдайым маман дайындаудың маңызды шарты ретінде жұмыс берушілер мен студенттердің ЖОО-да түлектер дайындау сапасына қанағаттану деңгейін анықтап, бағалап отырады. Осындай мақсатта жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастырылады, Олардың арасында жыл сайын білім беру бағдарламасын жаңарту бойынша студенттердің қанағаттану дәрежесін анықтау бағытында сауалнама жүргізілетіні және ұсынысты талданып отыратыны бұл мәселенің жолға қойылғанын көрсетеді.

Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің типтік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизит пен постреквизит жүйесімен анықталған. Студенттің оқу жұмысы әр оқу жылының семестріне теңдей бөлінген. Оқу жоспарының міндетті компоненттері бойынша білім беру бағдарламасы мазмұны ҚР МЖМБС талабына сәйкес. Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес. Таңдау компоненттерін енгізу бойынша түскен ұсыныс бар.

БББ-ның оқу-әдістемелік кешендері толық және студенттерге қолжетімді. Бағдарламада студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттілікті қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытушы компоненттер бар.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасында пәндердің оқыту жүйелілігі сақталған және мақсат-міндеті мен құзыреттілігі сәйкес келетін пәндерді бір модульге жинақтау қағидасы ұсталынған, сонымен қатар студенттің оқу үдерісінің басты мақсатына жетудегі іс-әрекетіне, яғни білім алуына, кәсіби шығармашылық аумағында нақты дағды мен біліктілікті қалыптастыруына бағытталған.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы жыл сайын қайта қарастырылып, еңбек нарығындағы өзгерістерге, жұмыс берушілер мен студенттердің талап-тілегі мен сұранысына сәйкес жаңартылып отырады. Бұл мамандар дайындау сапасын жоғарылатуға септігін тигізіп, бітіруші түлектердің өндірістік іс-әрекетке жылдам бейімделуіне ықпал етеді. «ІНҚ-ZU-09-03 факультеттің жұмыс берушілер Кеңесі туралы ереже» аясында жұмыс берушілердің талап-тілегін ескеру мақсатында жұмыс берушілерді БББ құрастыру және ЭПК дайындауға белсенді қатыстыру әртүрлі шара түрінде ұйымдастырылып отырады: мемлекеттік құрылымдық бөлімшемен дөңгелек үстел жүргізу; ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою; тәжірибелі қызметкерді оқу-әдістемелік семинар мен мәжіліске шақырып, элективті пәндер каталогын талқылау; элективті пәндердің оқу бағдарламасына сын пікір жазу мен сараптама жасау және т.б.

Элективті пәндерді енгізу барысында жұмыс беруші білім беру мекемелерімен бірлесіп семинар өткізіліп, элективті пәндердің тізбесі



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

ұсынылып, талқыланады. Жұмыс беруші Арынбекова Ж.С., Алматы облысының ішкі саясат басқармасы мемлекеттік мекемесі «Jetisy media» жетекшісінің ұсынысы негізінде 6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына «Іскерлік коммуникация және шешендік өнер», «Ономастика және елтану» пәндері енгізілді. Элективті пәндер жұмыс берушілердің талаптары бойынша филологиялық (қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттануы ғылымы бойынша) білімді талап ететін өзге қызмет түрінің салаларын қамтиды. Олар аударма мәселесі, мемлекеттік тілде іс жүргізу, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеу мәселесіне жауап береді.

6В02302 – Филология БББ 2-курс студенттеріне «Іскерлік коммуникация және шешендік өнер» пәнін жұмыс беруші Намазшанова Сағыныш Сабыржановна өткізген.

Базалық пәндерді оқу барысында студент «Лингвистика негіздері», «Қазақ жазуының тарихы мен емлесі», «Алаш дәуіріндегі тілтанушылар», «Функционалды грамматика», «Когнитивті лингвистика» т.б. пәндердің негізгі бөлімдерін біліп шығады.

Оқыту нәтижелері бүкіл бағдарлама бойынша да, әр модуль мен жеке пән бойынша да тұжырымдалған, Дублин дескрипторы негізінде анықталған және құзырет арқылы көрсетілген.

6В02302 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың қосымша түрі ретінде 25 кредит көлемінде Minor пәндер оқытылады. Университет деңгейінде таңдауға ұсынылатын Minor пәндер тізбесі Оқу жұмыс жоспарында бекітіледі , студенттер бұл пәндерді өз қалауымен таңдайды. 6В02302 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша студенттер «Медиасауаттылық», «Балалардың бос уақытын ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы», «Жастар кәсіпкерлігінің моделі және стартаптар», «Экономика стартап», «Ұлы дала тұлғаларының тарихы» пәндерін таңдаған.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша Оқу, Тілтанымдық, Зерттеу, Өндірістік және Дипломалды практика түрлері іске асырылады. Кәсіби практиканы ұйымдастыру мен өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай ішкі Ереже негізінде академиялық күнтізбе бойынша, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында бекітілген көлемге сәйкес жүргізіледі.

Нормативтік құжатқа сәйкес (ІНҚ-ZU-09-08, ІНҚ-ZU-09-09) практиканың барлық түрі бойынша жұмыс бағдарламасы, әдістемелік нұсқаулық жасалып, бекітілген (Хаттама №1). Нұсқаулықта практикадан өту барысында студенттерге қойылатын талап пен тапсырма, практика мазмұны, есеп беру құжатының түрлері, олардың рәсімделу үлгісі және т.б. қамтылған.

Кәсіптік практиканың барлық түрі модуль бойынша олардың өтуінің пререквизиті болып табылатын пәндерге сәйкес бөлінген. Білім бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби практикасын ұйымдастыру және өткізу Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы,


Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ.), «Алматы облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «JETISY MEDIA» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Талдықорған қ.), «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығымен (Талдықорған қ.), жасалған келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Практика базасымен педагогикалық-іскерлік жақсы қарым-қатынас орнаған.

6В02302 - «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бейнематериалмен, электрондық ОӘК, силлабустармен, электрондық әдістемелік материалмен, білімді бақылауға арналған тапсырманы қоса алғанда цифрлық материалмен толық қамтамасыз етілген. Электрондық оқу-әдістемелік қамтамасыз ету студенттерге SmartZhetysu оқу-білім беру порталының жеке кабинетінде қолжетімді.

Білім алушылармен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің білім алу траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындығы айқындалды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студент пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады, бұл білім алу траекториясын дұрыс құруға негіз болады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады.

Білім беру бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылуы сыртқы және ішкі сараптама арқылы бағаланады. Университетте сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі болып табылатын БББ үздіксіз сараптамадан өткізу және ішкі бағалау механизмі жұмыс жасайды. БББ сараптамасы мен сапаның ішкі бағалануының үздіксіз механизмі оқу жоспарының орындалуын, олардың жетілдірілуі үшін кері байланыстың бақылануын қамтамасыз етеді.

6В02302 - «Филология» БББ бекіту барысында сыртқы жетекші мамандар тарапынан сараптамадан өтеді. Сыртқы сараптама келесідей жолдармен жүзеге асырылады: - білім мекемелерінің жоспары мен оқу бағдарламасына талдау жасау; - жұмыс берушілердің, МАК төрағасының, диссертациялық жұмыс рецензентінің, кәсіби практика жетекшілерінің ескертуі мен ұсынысын жинау және өңдеу; жұмыс берушілердің түлектер туралы пікірін зерделеу және жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу; түлектерге сауалнама жүргізу.

Университетте студенттердің оқу сапасын бақылаудың әртүрлі нысандары қарастырылған. Студенттердің білім деңгейі тест және жазбаша емтихан негізде бағаланады.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау кешенді емтихан немесе жобалық жұмыспен қорытындалады.

Білім беру бағдарламасының сапасы үнемі қайта қаралып, бағаланып отырады. Бағалауға филологиялық білім беру бағдарламалары оқытушылары, студенттер, қызығушы тараптар өкілдері (мекеме қызметкерлері) қатысады. Бағдарлама бойынша қарастырылған мәселелер университет сайтында жарияланады. Бұл оқу үдерісі сапасының жоғарылауына өз әсерін тигізеді



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

Университетте білім беру бағдарламаларын бақылау, талдау және қайта қарау тәртібі белгіленген (ІНҚ-ZU-15-01). Жыл сайын университетте оқытылатын пәндердің өзектілігін; еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ғылымның соңғы жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларының мазмұны қайта қаралады және БББ мазмұны 30 пайызға дейін жаңартылады.

***Айғақтар:***

Студенттер контингенті тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы атқарылатынын көрсетіп отыр.

Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық-анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

***Ұтымды жақтары:***

6В02302 – «Филология» БББ бойынша бакалавриаттық білім беру бағдарламасы ғылыми, теориялық және кәсіби, әлеуметтік құзыреттілікке бағытталған тәжірибелік талапқа сай құрылған. Білім беру бағдарламасы оқу жоспарын құруға, білім беру бағдарламасы мазмұнын модульдік қағидаға сәйкес жоспарлауға, кредитті есептеу жүйесіне сәйкес білім беру технологиясын пайдалануға негізделген оқу үдерісін ұйымдастырудың кредиттік-модульдік жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілетін барлық пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Студенттер силлабустар мен қажетті әдістемелік материалмен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материал мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған.

Білім берудің модульдік бағдарламасы жалпы білім беру, базалық, кәсіптік цикл бойынша құрастырылған, мазмұны осы заманғы мамандарды оқыту жоспарына қойылатын талапқа сәйкес.

***Жақсарту шарасы:***.

Білім беру бағдарламасында көрсетілген оқу нәтижесінің жүргізілетін барлық пән бойынша оқу-әдістемелік кешендегі оқу нәтижесінен ауытқымауға көңіл бөлінсін.

**Стандарт 2 деңгейіндегі елеулі сәйкестіктерге ие/ Значительное соответствие**



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

## ***СТАНДАРТ 3.*** СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ / *СТУДЕНТОЦЕНТРИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ, ПРЕПОДАВАНИЕ И ОЦЕНКА*

***Дәлелдеу және талдау:***

Студенттің дербестігі мен сыни қабілетін арттыруға бағдарланған оқыту университетте тиімді жүзеге асырылуда. Осы аталған жүйе бойынша университет:

1) Студенттерді оқыту процесін бірлесіп құруда белсенді рөлге ынталандыратын білім беру бағдарламаларын әзірлеумен маман даярлауда құзыреттілік тәсілді іске асыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, 6В02302 – «Филология» БББ әзірлеуге 3 курс студенті Баксикова Қарлығаш пен Медет Ернұр тартылды.

2) ЭПК енгізілген пәндерді білім алушылардың таңдау еркіндігі, олардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуы, онда әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК білім алушыларға элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

3) білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі. Білім беру траекториясын таңдауда білім алушыларға жәрдемдесетін эдвайзерлерді оқу процесіне тартылады.

4) білім беру бағдарламасын меңгеруде білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыру;

5) әрбір оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

6) Дербестікті қолдау. Жыл сайын пәндерге тіркелу кезінде студенттерге сауалнама жүргізіп, дайындық мәселелерін және білім беру бағдарламасына жаңа пәндерді енгізу қажеттілігін талқылау университетте оң жолға қойылған. Студенттердің ұсынысы бойынша және жұмыс берушілердің өкілдерімен талқылаудан кейін 6В02302 – «Филология» БББ-да жаңа пәндер енгізілді. *(2 Стандартта көрсетілген)* (Хаттама№9, 06.04.2020, Хаттама№7, 10.03.2021)

Оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы сыйластық пен ынтымаққа, бірлескен қызметке құрылған. Білім беру ортасы студенттің тұлғалық, еркіндікке ұмтылу, дара тұлғалық пен кәсіби өсуге, өз бетінше жұмыс жасауға дағдылануға ұмтылуы сияқты сапалық қасиеттерін қалыптастырып, дамытуға жұмыс жасайды.

Университеттегі оқу процесі үнемі жаңа білім беру технологияларын енгізуге, жаппай компьютерлендіруге және ақпараттандыруға, оқыту мен бақылаудың жаңа техникалық құралдарын қолдануға, тәуелсіз білім аудиті қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Оқу үрдісінде электронды оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиа-технологиялар, бейнедәрістер қолданылады. Практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу мақсатқа жетуге бағытталған. ББ ПОҚ арнайы



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

техникалық ақпараттық құралдар (дербес компьютер, аудио және бейнематериалдар) сияқты жаңа техникалық құралдарды белсенді қолданады.

Білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы (ЭПК) негізінде студенттердің, эдвайзердің көмегімен жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырады. ЖОЖ әрбір студенттердің жеке білім беру траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті және элективті компоненттердің пәндері, сондай-ақ оқу қызметінің басқа да түрі (кәсіптік практика, ғылыми-зерттеу эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысаны) енгізілген.

Оқу пәндеріне жазылу рәсімі «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ (ІНҚ-ZU-10-01) академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды жаңа оқу жылындағы пәндердің мазмұнымен таныстыру үшін ББ басшысы мен эдвайзер білім алушылардың пәндерді таңдау мәселесі бойынша алдын ала әдістемелік және консультациялық жұмыс ұйымдастырады. Білім алушылар пәндер туралы ақпаратпен, оның ішінде олардың қысқаша сипаттамасымен, оқу нәтижесімен, пререквизиті және постреквизитімен танысады, пән оқытушыларымен және олардың презентациясымен таныстыру кездесуін өткізеді (3-5 минут, PPT форматында және т.б.). Пәндердің презентациялары SmartZhetysu ақпараттық жүйесінде орналастырылған және онлайн режимінде қолжетімді. Тіркеуді студенттер онлайн режимінде жеке кабинеттерінде жүзеге асырады.

Емтихандар белгіленген мерзімде дәлелді себеппен (ауру, отбасылық жағдай, табиғи апат) тапсыра алмаған студенттерге тіркеу кеңсесі растайтын құжатты ұсынғаннан кейін сынақт пен емтиханды тапсырудың жеке мерзімін белгілейді (Академиялық саясат -ІНҚ-ZU-10-01). Академиялық қарызы бар студенттер академиялық күнтізбеге сәйкес жазғы семестрде оқытылады. (https://zhetysu.edu.kz/)

Ілияс Жансүгіров атындағы ЖУ-да ғылыми кеңестің 2021 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№3 хаттама) қолданысқа енгізілген студенттердің оқу жетістіктерін бағалау стандарты (бағалау медианасын пайдалана отырып) ІНҚ-ZU-09-18 әзірленген. Стандартта белгіленген бағалау критерийлері негізінде студенттерді ашық және бейтарап бағалау тетіктері көрсетілген. Бағалау саясаты студенттердің жеке кабинетінде орналастырылған пәндердің силлабусында көрсетілген.

Студенттердің нәтижелілігінің ең негізгі көрсеткіші болып табылатын білім беру үдерісінің сапасын анықтау мақсатында Халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығы тарапынан: «Студенттердің білім беру үдерісіне қанағаттануы»; «Студенттер мен түлектердің оқу бағдарламасын жүзеге асыру сапасына қанағаттануы» атты сауалнамалар жүргізіліп, нәтижесі талқыланған.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін тану және бейресми білім беруді жүзеге асыру ECTS жүйесіне сәйкес университеттің тіркеу офисімен жүзеге асырылады.



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

БББ бойынша студенттер мен ПОҚ академиялық ұтқырлығын кеңейту мақстатында 2021-2022 оқу жылынан бастап М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетімен 6В02303 – «Филология: қазақ тілі мен әдебиеті» қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жоспарланған.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ой мен мәдени дамудың жаңаша жетістігінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысын жүзеге асыру мәселесі туындап тұр.

***Айғақтар:***

Студенттің жеке білім беру траекториясын анықтайтын оқу жоспары әрбір оқу жылына мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде құрастырылған.

Модуль бойынша кредитті бөлуде білім алушының еңбек сыйымдылығы ескерілген. Еңбек сыйымдылығын есептеу үшін мониторинг жүргізіліп, оның нәтижесі талқыланғандығы айқындалды.

Студенттерді кәсіби мамандыққа баулу, іс-тәжірибені өткізу мақсатымен келісімшарт жасалынған. Іс-тәжірибе жетекшілігіне тәжірибелі, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар тағайындалған. Мамандық бойынша іс-тәжірибе бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулар әзірленген.

Университетте мониторинг рәсімін жасау әдістемесі, өлшем құралы, білімді бағалау шкаласы мен ішкі нормативі сәйкестендіріліп жасалған ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг өткізіліп отыратыны бөлім басшыларымен сұхбаттасу кезінде анықталды.

Білім алушылармен сұхбат кезінде санитарлық-эпидемиялық нормаға сай жатақхана және асханамен қамтамасыз етілгені анықталды.

Сұхбаттасу кезінде студенттердің білімділігі, еркіндігі, сындарлығы байқалды.

***Ұтымды жақтары:***

Студенттер білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары болғандықтан оқыту үдерісін қамтамасыз етуде олардың мүддесі бірінші қатарға қойылған.

Электрондық журналдың енгізілуі оқу процесі мен студенттің өзіндік жұмысын әлдеқайда белсендірлендіреді.

Университеттің құрылымдық бөлімшелері студенттерге білім беру бағдарламасын меңгеруде қажетті жағдайды жасап отыр. Студенттерге қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған.


Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

Студенттердің жан-жақты дамуына мүмкіндіктің молдығы (өткізілетін іс-шара, әртүрлі жарыс, олимпиада, конкурс).

Студенттердің орындаған өздік жұмысы мен ағымдағы тапсырманы бағалау критерийі пән силлабусында таратылып, анық жазылған. ЖОО бекіткен білім бағдарламаларының стандартталған тестілерінің немесе пәндер бойынша емтихан сұрақтары дайындалған.

Студенттердің ар-намыс кодексі және оқуға, білім алуға, бағалауға байланысты арақатынасы жақсы жолға қойылған.

***Жақсарту шарасы:***

1.Студенттік ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жандандыру;

2. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүзеге асыру жолдары қарастырылсын.

**Стандарт 3 деңгейіне толық сәйкес келеді/Полное соответствие**

## ***<u>СТАНДАРТ 4</u>. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМІ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ / ПРИЕМ СТУДЕНТОВ, УСПЕВАЕМОСТЬ, ПРИЗНАНИЕ И СЕРТИФИКАЦИЯ***

***Дәлелдеу және талдау:***

Қабылдау қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленді. Университетке түсетін адамдарды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру гранттарын) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылуда. 6В02302 – «Филология» БББ-на мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде ҰБТ нәтижесі бойынша кемінде 50 балл жинаған студент қабылданған.

2019-2020 оқу жылына қабылданған студенттер саны – 21. Оның ішінде – 6 студент Әкім грантында оқиды. Оқуға қабылданған студенттердің ҰБТ орташа балдық көрсеткіші 58-96 құрайды.

Сондай-ақ 2020-2021 оқу жылына қабылданған студенттер саны – 10. Кенжегалиева Меруерт – мемлекеттік грант және Алтын белгі иегері. ҰБТ бойынша 56-83 балл аралығында қабылданған. 2021-2022 оқу жылына қабылданған студенттер саны – 6. Оқуға қабылданған балдық көрсеткіші 65-93 құрайды.



Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 6В02302 – «Филология» БББ бойынша «Тіл білімі бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасын толық игерген түлек журналист, тілші, аудармашы, баспа ісі бойынша корректор, мемлекеттік ұйымда мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуші болып қызмет атқара алады. Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талабының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұраныста ие болуы, жұмыс берушілердің пікірі Білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді.

Мектеп түлектері арасында университетке түсу ережелері бойынша түсіндіру жұмысы үнемі жүргізіліп отырған. 6В02302 – «Филология» БББ туралы ақпарат, оқыту шарты және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігі сайтта орналастырылған және мүдделі тұлғаларға «оқыту», «түсушілер», «түлектер» бөлімдерінде қолжетімді анық көрсетілген.

Талапкер үшін университет веб-сайтының жеке бөлімінде қабылдау комиссиясының ЖОО-ға оқуға түсу шарты көрсетілген. (https://zhetysu.edu.kz)

Студенттердің құзыреттілігі және білімді бағалаудың нәтижесі пәнге қатысты бағаланатындықтан әр пәнді игеруде алатын құзыреттілігі анық жазылған және осы бағытта үнемі жетілдіру жұмысы жүргізіліп отырған.

***Айғақтар:***

- Алматы облысы бойынша мектеп түлектері арасында сауалнама жүргізілген.
- ҰБТ өткізу кезінде мектеп түлектері мен ата-ана арасында түсіндіру жұмысы жүргізілген;
- Алматы облысының аудандық, қалалық білім бөлімінің, мектептер мен колледждердің электрондық деректері үнемі жаңартылып отырған;
- Алматы облысының білім басқармасымен, Талдықорған қаласындағы білім бөлімімен, «Жетісу дарыны» орталығымен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалған;
- Жетісу телеарнасына тікелей эфирде сұхбат берілген;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде белсенді түрде жүргізіліп, университет сайты, Instagram, Facebook, Telegram, You tube әлеуметтік желілері, ЧАТ арқылы өзекті ақпаратты тарату ұйымдастырылған.

Әртүрлі GPA деңгейі бар студенттердің үлгерімін, диплом жұмыстарын (жоба) орындау және қорғау нәтижесін, білім беру бағдарламасының түлектері туралы деректер мен оқу нәтижесін талдау үшін статистикалық деректің электрондық базасы жасалынған. Бұл ақпарат SMART ZhetySU ақпараттық платформасына енгізілген, ол оқу үдерісіне толығымен кіріктірілген және оқытушыларға, студенттерге оқу материалын ыңғайлы


Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности

түрде беруге, білім бақылауын жүргізуге, сабаққа қатысуын белгілеуге мүмкіндік береді.

Студенттер арасында жүргізілетін сауалнама білім беру бағдарламасын жақсартуға бағытталған түзету енгізуге мүмкіндік береді. Саулнамада оқытушының кәсіби және жеке дара қасиетін анықтауға көмектеседі: өз пәнін меңгеруі, шығармашылық белсенділігі, сөйлеу мәдениеті, пәнге қызықтыра алуы, принципшілдік, өзін-өзі ұстауы, талап ете алуы т.б. Сауалнама нәтижесі арқылы оқытушылардың жеке кескін-келбеті қалыптасады, ПОҚ, БББ мен факультеттің рейтингі есептеледі.

***Ұтымды жақтары:***

Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым-қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсынысын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжат негізінде анықталды.

Студенттердің үлгеріміне қарай оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған, сонымен қатар аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан студенттерге, жетім балалар мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Мәселен, 6В02302 – «Филология» БББ студенттері Мұрат Айжан мен Қабдырахман Әйгерім үздік оқығаны үшін оқу төлемақысының 15% жеңілдігіне ие болған.

Студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай құру және оқу үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында университетте «Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс бөлімі», «Жастар орталығы» жұмыс істейді.

Студенттердің аралық аттестациясы, жұмыс берушінің пікірі, жұмысқа орналастыру жайлы талдау жасау, студенттер практикасының қорытындысы, ағымдағы үлгерім, мемлекеттік аттестация, оқыту сапасы, оқытушының кәсіптік өсуі бағытында сауалнама жүрзіліп отырған, талдау жасалынған, хаттамалары тіркелген.
